

«Тайтөбе ауылы ЖОББ» мектебі
Хаттама

Мерзімі: 24 тамыз 2024ж

Мақсаты: мектепшілік жиналыс барысында жағымды ахуал қалыптастыру, оқу жылы барысында балаларға қолдау көрсету, сенім арту, көмек беру туралы ақпараттар беру.

Респонденттері: ата -аналар, мұғалімдер

Күн тәртібінде:


«Мектеп, ата ана, бала арасындағы байланыс» тренинг

Педагог – психолог Д.Д Арингазина
А.Б. Кемелова

Жүргізілу барысы:

24 қазан 2024ж күні мектепшілік жалпы ата -аналар жиналысы өтілді. Жиналыс барысында жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында «Мектеп, ата ана, бала арасындағы байланыс» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында ата – аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, оқу жылы барысында әрбір отбасында орын алатын көңілді видео ролик көрсетіп, ата – аналарға баланың жеке басын құрметтеу, өз әрекеттерінде озбырлыққа жол бермеу, балада өзін-өзі бағалауды қалыптастыру қажеттігі туралы айтылды. Сонымен қатар баланы отбасының нақты істерімен таныстыру, оған қажетті үй тапсырмаларын орындауды талап ету және баланың ерік-жігерін дамыту туралы ақпараттар беріліп, балаларға басқа балалармен, адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретуге, мейірімділік, әдептілік, жанашырлық, өзара көмек, жауапкершілік, т.б қасиеттерге баулуды күнделікті отбасында айтылып, балалармен ашық әңгімелесу керектігі түсіндірілді.

Тренинг соңында «Қуаныш сыйла» жаттығуы жүргізіліп, рефлексия жүргізілді.



Педагог – психолог

Кемелова А.Б

Арингазина Д.Д.